

СӘТБАЕВ  
УНИВЕРСИТЕТІ



SATBAYEV  
UNIVERSITY

## FAQ - Жиі қойылатын сұрақтар

### «Бағдар беру аптасы» дегеніміз не және ол қашан өтеді?

Бағдар беру аптасы академиялық күнтізбеге сәйкес жыл сайын 1-ші жыл оқитын студенттер үшін өткізіледі. Биыл бірінші курс студенттері мен олардың ата-аналарына арналған барлық таныстыру іс-шаралары қашықтықтан, онлайн өткізіледі. Сіз Университеттегі білімнің мектептегі оқу жүйесінен немен ерекшеленетінін, қашықтан оқыту мен СУ платформалары жөнінде, Кредиттік оқыту технологиясының не екендігін білетін боласыз, сондай-ақ студенттік ұйымдар және тағы басқа құрылымдармен танысасыз.

### ҰБТ-ны тапсырып қойғандықтан, студенттерге математика, физика және тілдер бойынша диагностикалық тест тапсырудың қажеті не?

Білімді тексеру диагностикасы оқуыңызды алғашқы күндерден бастап-ақ сәтті жоспарлауыңыз үшін сіздің базалық дайындығыңыздың нақты деңгейін анықтауға мүмкіндік береді. Өйткені, сіздер мектепте әрқалай оқыдыңыздар, соған орай әр студенттің білім байлығы да әртүрлі, ал біздің университеттің әр студентке қатысты жеке тәсілі бар!

**Есіңізде болсын! Сізді тиісті оқу тобына анықтау үшін нақты деңгейіңізді көрсету маңызды. Алдағы үлгеріміңіз осыған байланысты болады! Көшіріп алып немесе өзге жанның көмегімен орындаудың қажеті жоқ. Тестке баға қойылмайды, бірақ диагностикалық тест нәтижесіңізді Тіркеу Кеңесі сіздің семестрдегі сабақ кестеңізді жасай алмайды.**

### Оқу порталына қалай тіркелу қажет?

Satbayev University оқу порталына кіріп <https://sso.satbayev.university>, қабылдау комиссиясында құжаттарды өткізгенде қолданған <https://kb.satbayev.university> логин ретінде өзіңіздің ЖСН нөмеріңізді және құпиясөзді енгізіп тіркелу қажет. Осыдан соң Сіз барлық жүйелерге кіріп, математика, физика, ағылшын, қазақ/орыс тілдері бойынша диагностикалық тестілеуден өте аласыз <http://emtihunter.idet.kz> және мобилді қосымшаларға кіре аласыз.

Оқу порталына кіргенде, жаңа құпиясөзге тиесілі сұраныс көрсетіледі және Сізден құпиясөзді күрделірекке ауыстыруыңызды сұрайды. Жаңа құпиясөзді енгізіп, есте сақтап және "Сақтау" командасын басыңыз!

Жақын арада оқу порталына сәтті кірген соң, Сізге қашықтықтан оқыту жүйесі [Polytechonline](#) және [Microsoft 365](#) бұлт қызметтерінің функционалдығы қол жетімді болады.

Құжаттық фотосуретті жүктеп, ұялы телефонға Microsoft Teams бағдарламасын жүктеп алыңыз.

### Сабақ кестесін қалай білуге болады?

Сізге <https://sso.satbayev.university> порталына кіріп, өзіңіздің ЖСН нөмеріңізді логин ретінде теріп тіркелу қажет және өзіңіздің жеке парақшаңызда "Сабақ кестесі" бөлімінен өз сабақ кестеңізді таба аласыз. Сіздің сабақ кестеңіз жеке өзіңізге ғана арналады, себебі сабақ кестесі сіздің таңдаған оқу бағдарламаңызға байланысты емес, деңгейлік тестілеу нәтижесіне байланысты құрастырылады.

Яғни сізбен бірге топта әртүрлі оқу бағдарламасымен оқитын студенттер отырғызылады және әр пәнді әртүрлі топтағы студенттермен бірге оқисыз.

### **Студент оқу орнынан анықтаманы қалай ала алады?**

Университет ЖОО-да студенттің оқитынын растайтын анықтама береді.

Аталмыш анықтама баланың оқуға бекітілгені туралы бұйрығы шыққаннан кейін ғана беріледі.

- мектепке растау үшін, банкке (банк картасы үшін), «ОҢАЙ» карта үшін, практикадан өту, жұмысқа орналасу үшін, әртүрлі қызмет түрлері бойынша жеңілдіктер алу үшін және т. б. [ОСЫНДА](#) өтініш жібересіз.
- ХҚКО-ға тапсыру үшін, әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақы алу үшін (мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша, көп балалы отбасылар, т.б.), және сол сияқты [studentaffairs@satbayev.university](mailto:studentaffairs@satbayev.university) жазуға болады.
- ҚР ҚК қатарына шақыруды кейінге қалдыру мақсатындағы анықтамалар үшін [military@satbayev.university](mailto:military@satbayev.university).

«Талап ету орны бойынша» анықтамалар берілмейді.

### **Шәкіртақы үшін банк картасын қалай ашуға болады?**

#### **Мен шәкіртақыны қашан аламын?**

Мемлекеттік грант иегерлеріне шәкіртақы алу үшін тұрғылықты жеріндегі кез келген банкке (*Банк Центр Кредит, Каспий Банк, Халық Банк, АТФ*) барып, шәкіртақыны есептету үшін банк картасын ашу қажет. Егер сіз 18 жасқа толмаған болсаңыз, онда міндетті түрде ата-ананың бірімен барасыз. 20-таңбалы шот нөмірін **2020 жылдың 15-қыркүйегіне дейін [ОСЫНДА](#)** хабарлау қажет. Қыркүйек айының шәкіртақысы студент картасына қазанның ішінде, ал одан арғылары әр ай соңында түсіп отырады.

Бірінші (күзгі) семестрде шәкіртақы барлық мемлекеттік грант иелеріне тағайындалады, ал екінші (көктемгі) семестрде қысқы сессия нәтижелері бойынша беріледі.

**Есіңізде болсын! Егер Сіз бір ғана «С» деген қорытынды баға және (70 және одан төмен балл) алсаңыз, шәкіртақыны жоғалтасыз. Сессияны сәтті тапсырған жағдайда келесі оқу семестрінде шәкіртақыны қайтара аласыз.**

#### **[@dekanat\\_ibo](#) инстаграмында не жарияланады?**

Мұнда біз тек бірінші курс студенттеріне қатысты барлық жаңалықтарды жариялаймыз (маңызды хабарландырулар, оқиғалар, студенттік ұйымдардың жаңалықтары, қонақ дәрістері мен семинарлары). Сондай-ақ сіз бізге дайрект, яғни, тікелей жаза аласыз және өзіңізге қажет сұраққа жауап аласыз. Сондықтан, сізде Instagram аккаунты жоқ болса, онда тіркеліңіз және жазылыңыз.

#### **Эдвайзер деген кім?**

**Эдвайзер** - оқу кезінде академиялық мәселелер бойынша кеңесші қызметін атқаратын оқытушы. Эдвайзер студентке жеке оқу жоспарын құрастыруда (тіркелу кезінде) пәндерді таңдауға көмектеседі, кредиттік оқыту технологиясы ережелерін түсіндіреді және т. б. Эдвайзерді институт дирекциясы тағайындайды. Қашықтықтан оқыту жағдайында кеңес алу корпоративтік пошта немесе мессенджерлер арқылы жүргізіледі. Порталда эдвайзермен байланысу үшін қолданыстағы нөміріңізді көрсетуді сұраймыз. Эдвайзер сізбен өзі хабарласады.

#### **Студенттің сабаққа қатысуы мен үлгерімі жөнінде ата-аналар қалай біле алады?**

Студенттің ата-анасы баланың үлгерімі мен сабаққа қатысуы туралы білім беру порталынан біле алады (студенттің логині мен паролі арқылы оның парақшасы бетінен). Эдвайзер міндетіне студенттің үлгерімі туралы ата-аналарды хабардар ету кірмейді, бірақ эдвайзер ата-аналардың сауалдарына жауап бере алады.

### **Жетімдер, мүгедектер, көп балалы немесе жағдайы төмен отбасылардан келген студенттер үшін қандай-да бір жәрдемақы бар ма?**

Иә, мұндай көмек қарастырылған, ол үшін тиісті құжаттар өткізілуі қажет. Осындай сұрақтар бойынша студенттік мәселелер жөніндегі Департаменттің Әлеуметтік жұмыс секторына хабарласып, толық мәлімет алуға болады [studentaffairs@satbayev.university](mailto:studentaffairs@satbayev.university)

### **Сабақ жіберген жағдайда не істеу керек?**

ОҚТ ережелеріне сәйкес бір семестрде бір пән бойынша сабақты 20% жіберуге болады, егер пән үш кредиттік болса, сабақтан 9 рет қалуға, ал екі кредиттік пән бойынша 6 ретке дейін сабақ жіберу мүмкіндігі бар. Порталдағы журналды оқытушы факт бойынша толтырады. Журналдан жіберілген сабақтарды белгілеу алынып тасталмайды. Егер сіз ауырып қалсаңыз, онда анықтама қабылданбайды, себебі ауырып қалғаныңызға байланысты жіберген сабақтар рұқсат етілген 20%-ға кіреді. Жіберген сабақтарды алып тастау туралы өтініш қабылданбайды. 20%-дан артық сабақ жіберсеңіз, онда емтиханға жіберілмейсіз.

### **Оқудан шығу үшін қалай және қайда өтініш беріледі?**

Оқудан шығу өтінішін [ibo@satbayev.university](mailto:ibo@satbayev.university). поштасына береді. Оқудан шығару туралы бұйрық шыққаннан кейін кету парағына порталда Жеке кабинетте тапсырыс беру қажет> кету парағы> өтінім. Барлық бөлімшелер қарыздың жоқтығын растағаннан кейін, құжаттарды ТК № 6 терезеден алуға болады.

Егер сіз өз сұрақтарыңызға жауапты осынан да, бірінші курс студентінің ақпар-кітапшасынан да таппасаңыз, онда ББИ Дирекциясына [ibo@satbayev.university](mailto:ibo@satbayev.university) немесе [@dekanat\\_ibo](https://www.instagram.com/dekanat_ibo) инстаграм бойынша хабарласыңыз.